

8. Zaletaev I. P. (2022). *Jalpy damytý jattyǵylary: oqý quraly. Dene shynyqtyrý jáne sport.* elibrary.kz
9. Petrov P. K. (1995). *Mekteptegi gimnastika sabaqtarynda jalpy damytý jattyǵylary. Ýdmýrt ýniversitetiniń baspasy.* https://lib.udsu.ru/WorkBy/petrov/petrov.pdf?utm_source=chatgpt.com
10. Krýtikov V. N. (2007). *Jalpy damytý jattyǵylarynyń kesheni: ádistemelik usynystar.* Syktyvkar. <https://www.worldcat.org/>
11. Osokina T. I. (1986). *Balabaqshadaǵy dene shynyqtyrý. Aǵartý.* https://bilimger.kz/175245/?utm_source
12. Zemskov, E. (2008). *Jalpy damytý jattyǵylarynyń praktikalyq terminologuasy. Mekteptegi Sport,* (3). https://sc0009.bulandy.aqmoedu.kz/arc/attach/585/46091/Dene_shynyqtyru_Metodika_Kaz_6_let.pdf.pdf?utm_source=chatgpt.com
13. Lesgaft P.F. *Rýkovodstvo po fizicheskomy obrazovaniy detei shkolnogo vozrasta // Izbrannye trýdy / sost. I. N.Resheten. – M.: FiC, 1987. – 367 s.* <https://dlib.rsl.ru/rsl01004000000/rsl01004009000/rsl01004009512/rsl01004009512.pdf>
14. Ospankýlov E.E., Keńesbaev S.M. *Jalpy damytý jattyǵylary arqyly bastayysh synyp oqýshylarynyń ózbetimen oryndaý daǵdylaryn damytýdyń psihofiziologualyq negizderi // «Qazaqstannyń ǵylymy men ómiri» halyqaralyq ǵylymı jýrnaly. – Almaty, 2020. - №6(2). – B. 290.*
15. A. Zhumabayeva., S. Nurgaliyeva., E. Ospankulov. «The impact of folk games on primary school students» *Journal of Education and e-Learning Research* Vol. 10, No. 2, 125-131, 2023 ISSN(E) 2410-9991 / ISSN(P) 2518-0169 DOI: <https://doi.org/10.20448/jeelr.v10i2.4473> © 2023 by the authors; licensee Asian Online Journal Publishing Group.

FTAXP 77.03.05

<https://doi.org/10.51889/3106-7522.2026.2.2.005>

Б.М. МЕНДАЛИЕВ^{1*}, А.А. ДЕМЕЖАН¹

¹ Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті,
Ақтау қ., Қазақстан

*e-mail: balgabay.mendaliyev@yu.edu.kz

МЕКТЕП ЖАҒДАЙЫНДА 7-9 ЖАСТАҒЫ БАСТАУЫШ СЫНЫП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ СПОРТТЫҚ ҚАБІЛЕТТЕРІН КЕШЕНДІ ДИАГНОСТИКАЛАУ ӘДІСТЕМЕСІ

Аңдатпа

Мақалада мектеп жағдайында дене шынықтыру сабақтары барысында 7-9 жастағы оқушылардың спорттық қабілеттерін (қозғалыс сапалары мен жарыс сипатындағы қозғалыс реакциясын) кешенді диагностикалауға арналған әдістеме ұсынылады. Зерттеу жұмысы 2024-2025 оқу жылында Ақтау қаласындағы екі жалпы білім беретін ұйым базаларында жүргізіліп, оған 1-3 сыныптарда білім алатын 272 ұл бала қатысты. Әдістеме екі кезенді қамтыды: I кезең жалпы дене дайындығын бағалауға арналған стандартталған тесттер кешені (30м жүгіру, 3x10 м қайтармалы жүгіру, 6 минуттық жүгіру, бір орыннан ұзындыққа секіру, отырып алға еңкею, кермеде тартылу) және II кезең ұлттық ойындар негізіндегі қолданбалы қозғалыс тапсырмалары («Ботаны тартып алу», «Қарсыласқа жанасу»), олар қозғалыс қарсыласу жағдайында реакция жылдамдығын, үйлесімділікті және күштік мүмкіндіктерді бағалауға бағытталған. Алынған деректер жас және сыныптық топтар бойынша жүйеленіп, 1-сыныптан 3-сыныпқа дейін негізгі дене сапаларының оң динамикасы айқындалды, сондай-ақ ойындық сыныптардың іріктеуші диагностикалық әлеуеті (финалға өткен қатысушылар үлесінің төмендеуі) көрсетілді. Ұсынылған әдістеме өлшеу рәсімдерін стандарттауға, оқу уақытының шығынын оңтайландыруға және алынған нәтижелерді оқу жүктемесін педагогикалық тұрғыдан жоспарлау мен оқушылардың бастапқы спорттық бағдарын айқындауда қолдануға бағытталған.

Түйін сөздер: спорттық қабілеттер, қозғалыс сапалары, ұлттық ойындар, дене шынықтыру, бастауыш мектеп.

МЕНДАЛИЕВ Б.М.^{1}, ДЕМЕЖАН А.А.¹*

¹Каспийский университет технологий и инжиниринга им. Ш. Есенова, г. Актау, Казахстан

**e-mail: balgabay.mendaliyev@yu.edu.kz*

МЕТОДИКА КОМПЛЕКСНОЙ ДИАГНОСТИКИ СПОРТИВНЫХ СПОСОБНОСТЕЙ УЧАЩИХСЯ 7-9 ЛЕТ НАЧАЛЬНОЙ ШКОЛЫ В УСЛОВИЯХ ШКОЛЫ

Аннотация

В статье представлена методика комплексной диагностики спортивных способностей (двигательных качеств и соревновательной двигательной реакции) у учащихся 7-9 лет в условиях школы на уроках физической культуры. Исследование проводилось в 2024-2025 учебном году на базе двух общеобразовательных организаций г. Актау; в исследовании приняли участие 272 мальчиков 1-3 классов. Методика включает два этапа: I этап стандартизированных тестов общей физической подготовленности (30 м, челночный бег 3x10 м, 6-минутный бег, прыжок в длину с места, наклон вперед сидя, подтягивание) и II этап прикладные двигательные задания на основе национальных игр («Ботаны тартып алу», «Қарсыласқа жанасу») для оценки реакции, координации и силовых проявлений в ситуации двигательного противоборства. Полученные данные систематизированы по возрастно-классным группам; показана положительная динамика основных физических качеств от 1 к 3 классу и продемонстрирован отборочный потенциал игровых испытаний (снижение доли финалистов). Предлагаемая методика направлена на стандартизацию процедур, экономию учебного времени и возможность использования результатов для педагогического планирования нагрузки и первичной спортивной ориентации школьников.

Ключевые слова: спортивные способности, двигательные качества, национальные игры, физическая культура, начальная школа.

MENDALIEV B.M.^{1}, DEMEZHAN A.A.¹*

*¹ Caspian University of Technologies and Engineering named after Sh. Yessenov,
Aktau, Kazakhstan*

**e-mail: balgabay.mendaliyev@yu.edu.kz*

A METHODOLOGY FOR COMPREHENSIVE DIAGNOSIS OF SPORTS ABILITIES IN PRIMARY SCHOOL CHILDREN AGED 7-9 IN SCHOOL SETTINGS

Abstract

The article presents a methodology for the comprehensive diagnosis of sports abilities (motor qualities and competitive motor reaction) in children aged 7-9 years under the conditions of school physical education lessons. The study was conducted during the 2024-2025 academic year at two general education schools in the city of Aktau and involved 272 boys from grades 1-3. The methodology consists of two stages: I stage of standardized tests of general physical fitness (30 m sprint, 3x10 m shuttle run, 6-minute run, standing long jump, sit-and-reach test, pull-ups); II stage applied motor tasks based on national games («Botany tartyp alu», «Qarsylasqa janasu») aimed at assessing reaction speed, coordination, and strength manifestations in conditions of motor confrontation. The obtained data were systematized by age and grade groups. A positive progression of key physical qualities from grade 1 to grade 3 was identified, and the selective potential of the game-based trials was demonstrated through a reduction in the proportion of finalists at successive stages. The proposed scheme is focused on standardizing assessment procedures, optimizing lesson time, and enabling the use of diagnostic results for pedagogical load planning and initial sports orientation of schoolchildren.

Keywords: sports abilities; motor qualities; national games; physical education; primary school.

Кіріспе. Қазіргі әлеуметтік-мәдени жағдайда балалардың денсаулығын сақтау мен нығайту, олардың дене дамуын қамтамасыз ету және қозғалыс әлеуетін толық іске асыру білім беру жүйесінің маңызды стратегиялық бағыттарының бірі болып саналады. Бұл мәселе, әсіресе, баланың мектеп ортасына бейімделуімен және тұлғалық дамуының жаңа сатысына қадам басуымен ерекшеленетін бастауыш мектеп кезеңінде айрықша мәнге ие. Ғылыми-педагогикалық еңбектерде 7-9 жас аралығы орталық жүйке жүйесі мен тірек-қимыл аппаратының жоғары икемділігімен сипатталатын сенситивті кезең ретінде айқындалады, дәл осы уақытта баланың негізгі қозғалыс қабілеттілігінің іргетасы қаланады.

Аталған жас ерекшелігі кезеңінде күш, жылдамдық, ептілік, икемділік, тепе-тендік және төзімділік сияқты базалық дене сапалары қарқынды түрде қалыптасып, болашақ спорттық әлеуеттік құрылымдық негізін құрайды. Осыған байланысты бастауыш мектеп жағдайында қозғалыс дамуын мақсатты түрде бақылау мен объективті бағалау тек оқу үрдісінің құрамдас бөлігі ғана емес, сонымен қатар ұзақ мерзімді әлеуметтік-педагогикалық маңызы бар ресурс ретінде қарастырылады. Сонымен бірге, қазіргі білім беру тәжірибесін талдау дене шынықтыру сабақтарында бастауыш сынып оқушыларының спорттық қабілеттерін диагностикалау үрдісінің жүйелілігі жеткіліксіз екенін көрсетеді. Көп жағдайда бағалау субъективті бағалауға сүйенумен немесе жекеленген нормативтік көрсеткіштерді тіркеуімен шектеліп, оқушылардың морфологиялық және психофизиологиялық ерекшеліктері ескерусіз қалады. Мұндай жағдайда дене жүктемесін дәл жоспарлауда әдәстемелік олқылықтарға әкеліп, бірқатар оқушыларда шамадан тыс шаршау мен денсаулыққа кері әсер етуін күшейтсе, ал кейбір балаларда қозғалыс әлеуетінің толық ашылмауына себеп болады.

Ерте жаста спорттық диагностика жүргізу бастауыш мектеп жағдайында қозғалыс қабілеттерін бағалауға қатысты қалыптасқан интуитивті көзқарастан біртіндеп бас тартуға мүмкіндік береді. Практика көрсеткендей, диагностикалық деректерді қолдану дене шынықтыру сабақтарында жүктемені оқушылардың нақты мүмкіндіктеріне сәйкес жоспарлауға, қозғалыс дамуының әлсіз тұстарын дер кезінде байқауға жағдай жасайды. Бұл, өз кезегінде, сабақтардың сауықтыру және дамытушылық тиімдігін арттырып, балалардың спорттық бейімділігін ерте кезеңде анықтауға негіз болады. Осыған орай бастауыш сынып оқушыларының спорттық қабілеттерін бағалауға арналған әдістемелік жүйе олардың жас ерекшеліктерін морфофункционалдық дамуының заңдылықтарын және психофизиологиялық мүмкіндіктерін ескере отырып құрылуы тиіс. Атап айтқанд, 7-9 жас аралығында ұлдардың антропометриялық көрсеткіштерін салыстырмалы түрде ұқсас болуы бастапқы диагностиканы бірінғай әдістемелік негізде ұйымдастаруға қолайлы жағдай жасайды.

Осы тұрғыдан алғанда, дене шынықтыру сабақтары жағдайында қолдауда бейімделген уақыт шығыны жағынан тиімді және ғылыми негізделген диагностикалық әдістемені әзірлеу қазіргі дене шынықтыру теориясы мен практикасының маңызды ғылыми міндеттерінің бірі болып табылады. Мұндай әдістеме бастауыш мектеп жасындағы балалардың спорттық қабілеттерін кешенді түрде бағалауға олардың жеке даму траекториясын анықтауға және болашақта спорттық іріктеу мен бағалаудың ғылыми негізін қалыптастыруға мүмкіндік беруі қажет.

Зертеу Қазақстан Республикасында білім беру және дене шынықтыру саласын реттейтін қолданыстағы нормативтік-құқықтық және әдістемелік құжаттарға сүйене отырып жүргізіледі. Аталған құжаттар бастауыш сынып оқушыларының дене дамуын бағалау мен диагностикалау үдерісін ұйымдастырудың құқықтық, мазмұндық және әдістемелік шеңберін айқындап, зерттеудің заңдылығы мен педагогикалық негізділігін қамтамасыз етеді.

Зертеудің негізгі нормативтік тірегі ретінде Қазақстан Республикасында бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты алынды. Бұл стандарттар бастауыш мектеп жасындағы білім алушылардың жас және психофизиологиялық ерекшеліктері ескеріліп, оқу нәтижелеріне қойылатын талаптар, негізгі құзыреттер мен күтілетін жетістіктер нақты белгіленген [1]. Аталған құжат 7-9 жастағы оқушылардың дене дайындығын бағалаудың жалпы

мақсаттық бағдарын айқындап, дене шынықтыру сабақтарында қозғалыс қабілеттерін диагностикалаудың мазмұндық негізін қалыптастырады.

Сонымен қатар зерттеу барысында 1-4 сыныптарға арналған «Дене шынықтыру» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасының талаптары басшылыққа алынған. Бағдарламада дене шынықтыру сабақтарының мазмұны, оқу мақсаттары, қимыл-қозғалыс дағдыларын қалыптастыру бағыттары және оқушылардың дене қабілеттерін дамытуға қойылатын талаптар жүйеленген [2]. Бұл құжат зерттеуде қолданылған диагностикалық көрсеткіштерді оқу үрерісінің мазмұнымен үйлестіруге және бағалау нәтижелерінің білім беру мақсаттарына сәйкестігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау рәсімдерін құқықтық тұрғыдан регламенттеу мақсатында білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидалары негізге алынды [3]. Аталған қағидалар білім беру ұйымдарында бағалау мен бақылау үдерісін ұйымдастырудың тәртібін, нәтижелерді тіркеу және рәсімдеу талаптарын айқындай отырып, зерттеу барысында қолданылған диагностикалық бағалау тәсілдерінің нормативтік тұрғыдан заңдылығын қамтамасыз етеді.

Зерттеу үдерісінде дене шынықтыру сабақтары мен диагностикалық жұмыстарды ұйымдастыру барысында білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар ескерілді [4]. Санитариялық қағидалар сабақ өткізу жағдайларын, жүктеме көлемін, спорттық құрал-жабдықтарды қолдану тәртібін және қауіпсіздік талаптарын реттеп, зерттеу барысында оқушылардың денсаулығын сақтау мен қауіпсіз білім беру ортасын қамтамасыз етуге бағытталған.

Аталған нормативтік-құқықтық құжаттардың жиынтығы 7-9 жастағы бастауыш сынып оқушыларының спорттық қабілеттерін дене шынықтыру сабақтары жағдайында диагностикалау мен бағалаудың құқықтық, әдістемелік және педагогикалық тұрғыдан негізді жүзеге асырылуын қамтамасыз етеді.

Сонғы жылдыры бастауыш мектеп жасындағы (7-9 жас) балалардың спорттық қабілеттерін диагностикалау мәселесі халықаралық және отандық ғылыми зерттеулерде өзекті бағыттардың біріне айналып отыр. Көптеген зерттеушілер бұл жас кезеңін қозғалыс дағдыларының қарқынды қалыптасуымен және орталық жүйке жүйесінің жоғары бейімделгіштігімен сипатталанын сенситивті даму сатысы ретінде қарастырады. Осыған байланысты қозғалыс әлеуетін ерте кезеңде бағалау баланың кейінгі дене белсенділігіне, спорттық жетістіктеріне және жалпы қозғалыс мәдениетінің қалыптасуына елеулі ықпал ететіні ғылыми еңбектерде атап көрсетіледі.

Халықаралық ғылыми әдебиеттерде бастауыш сынып оқушыларының қозғалыс күзінреттілігін бағалауда фундаменталды қозғалыс дағдылары (Fundamental Movement Skills-FMS) тұжырымдамасы жетекшісі орын алды. Бұл тұжырымдама баланың қозғалыс әлеуетін тек сандық нәтижелер арқылы ғана емес, қозғалыс әрекеттерінің орындалу сапасы тұрғысынан кешенді бағалауға мүмкіндік береді. Аталған бағыттағы Novotna және әріптестерінің салыстырмалы зерттеуінде маторлық күзінреттілікті бағалаудың әртүрлі әдістері балалардың қозғалыс деңгейін әрқалай сипаттайтыны көрсетіліп, диагностикалық дәлдікті арттыру үшін кешенді тәсілді қолданудың маңыздылығы негізделген [5]. Сонымен қатар, Макарук және әріптестерінің Польшада жүргізген ұлттық репрезентативті зерттеуі бастауыш мектеп жасындағы балалардың FMS деңгейінің жеткіліксіз екенін анықтап, қозғалыс қабілеттерін жүйелі түрде мониторингтеудің қажеттілігін көрсетеді [6].

Фундаменталды қозғалыс дағдыларының (FMS) таралуы мен қалыптасу ерекшеліктері Lorenzo-Martinez және әріптестерінің жүйелі шолуында жан-жақты талданған. Авторлар қозғалыс дағдыларының толық меңгерілуі барлық балаларда бірдей деңгейде байқалмайтынын атап өтіп, бұл үрдістің тек жас ерекшеліктерімен ғана емес, сонымен қатар оқу ордасының ұйымдастырылуымен, дене шынықтыру сабақтарының мазмұнымен және педагогикалық ықпалдың сапасымен тығыз байланысты екенін көрсетеді [7]. Аталған тұжырымдар бастауыш мектеп жағдайында қозғалыс дамуын бағалауға арналған арнайы бейімделген және оқу үрдісіне кіріктірілген диагностикалық әдістемелерді қолданудың объективті қажеттілігін негіздейді.

Еуропа елдерінде жүргізілген кешенді зертеулерде моторлық құзыреттілікті бағалау көп өлшемді сипатта қарастырылады. Walti және әріптестерінің 10 елді қамтыған ауқымды зерттеуінде 6-8 жастағы балалардың негізгі моторлық құзыреттері деңгейінде елеулі айырмашылықтардың бар екені анықталған [8]. Авторлар бұл айырмашылықтарды оқу бағдарламасының мазмұны мен бағалау тәсілдерінің бірізді еместігімен байланыстырып, мектеп жағдайында қолданылатын диагностикалық құралдарды стандарттау қажеттігін алға тартады. Зерттеу нәтижелері қозғалыс қабілеттерін бағалауда бірыңғай әдістемелік ұстанымдарды қалыптастырудың ғылыми және практикалық маңызын айқын көрсетеді.

Балалардың қозғалыс қабілеттерін бағалауға арналған диагностикалық құралдардың сенімділігі мен валидтілігі мәселесі қазіргі ғылыми әдебиеттерде кеңінен талқылануда. Бірқатар зертеулерде бастауыш мектеп жасындағы балаларға арналған тесттердің өлшеу дәлдігі мен қолдану мүмкіндіктері арнайы қарастырылған. Атап айтқанда, Duncan және әріптестері TGMD-3 тестінің қысқартылған нұсқасын қолдану нәтижелерін талдай отырып, оның 7-9 жастағы балалардың қозғалыс дағдыларын бағалауда жеткілікті деңгейде сенімді құрал екенін көрсеткен [9]. Ал Carballo-Fazanes және әріптестері жүргізген зерттеуде TGMD-3 әдістемесінің бағалаушылар арасындағы жоғары сәйкестігі дәлелденіп, тест нәтижелерінің объективтілігі негізделген [10]. Сонымен қатар Zhu және әріптестері TGMD-3 әдістемесінің негізгі өлшеу қасиеттерін талдау арқылы оны мектеп тәжірибесіне енгізудің ғылыми тұрғыдан негізделгенін атап өтеді [11].

Қозғалыс үйлесімділігі мен тепе-тендік бағалау мәселесінде Körperkoordinationstest für Kinder (КТК) әдістемесіне арналған зертеулер де маңызды орын алады. Viino және әріптестер КТК тестінің қысқартылған нұсқасын қолдану барысында бастауыш сынып оқушыларының қозғалыс мүмкіндіктерін толық сипаттау әрдайым мүмкін бола бермейтінін көрсетеді [12]. Ал Li және әріптестері тесттің толық нұсқасын пайдалану арқылы оның сенімділігі мен валидтілігін эксперименттік жолмен дәлелдеп, нәтижелердің тұрақтылығын негіздейді [13]. Бұл еңбектер диагностикалық құралдарды іріктеу барысында балалардың жас және морфофункционалдық ерекшеліктерін ескерудің әдістемелік маңызын айқын көрсетеді.

Отандық ғылыми зерттеулерде бастауыш сынып оқушыларының қозғалыс қабілеттерін бағалау мәселесі ұлттық және мәдени контексті ескере отырып қарастырылады. Бірқатар авторлар қозғалыс дамуын диагностикалауға дәстүрлі дене шынықтырумен қатар ұлттық ойындарды қолданудың педагогикалық әлеуетін атап өтеді. Мәселен, Омарбекова және әріптестері қазақтың ұлттық ойындарын пайдалану арқылы балалардың қимыл-қозғалыс дағдыларын дамыту мүмкіндіктерін негіздеп, оларды қозғалыс қабілеттерін бағалаудың балама диагностикалық құралы ретінде қолдануға болатынын көрсетеді [14]. Ал Шапетюк пен Телемгенова зертеулерінде оқушылардың дене дайындығы деңгейін объективті бағалауда педагогикалық ортаның, сабақтарды ұйымдастыру шарттарының және әдістемелік қамтамасыз етудің шешуші рөл атқаратынын дәлелденген [15].

Дене шынықтыру сабақтарының мазмұны мен бағалау жүйесін жетілдіру мәселесі бірқатар отандық еңбектерде жан-жақты талданған. Жияшева және әріптестері, сондай-ақ Есиркепов және әріптестері жалпы білім беретін мектептерде қолданылатын оқу бағдарламалары мен оқулықтардың диагностикалық мүмкіндіктерін арттыру қажеттігін атап өтіп, бағалау үрдісін тек нормативтік талаптармен шектеу жеткіліксіз екенін негіздейді [16, 17]. Авторлар дене шынықтыру сабақтарында бағалаудың дамытушылық, жеке-бағдарлы сипатын күшейту қозғалыс қабілеттерін қалыптастырудың тиімділігін арттыратынын көрсетеді.

Әдеби деректерді салыстыра талдау бастауыш мектеп жасындағы балалардың спорттық қабілеттерін бағалауда тек сандық нәтижелермен шектелу жеткіліксіз екенін көрсетеді. Қазіргі зертеулерде қозғалыс әрекеттерінің орындалу сапасын, үйлесімділігін және даму динамикасы қатар ескеретін тәсілдерге басымдық берілуде.

Отандық білім беру жүйесінің қолданыстағы нормативтік талаптарын және бастауыш сынып оқушыларының жас пен психофизиологиялық даму ерекшеліктерін ескеру дене шынықтыру

сабақтарында қолдануға бейімделген диагностикалық әдістемеге деген сұранысты күшейтеді. Мұндай әдістеме уақыт шығыны жағынан тиімді болып, оқу үдерісіне табиғи түрде кіріктіруі тиіс.

Зерттеудің мақсаты – дене шынықтыру сабақтары жағдайында 7-9 жастағы бастауыш сынып оқушыларының спорттық қабілеттерін кешенді бағалауға мүмкіндік беретін, жас ерекшеліктеріне бейімделген және уақыт жағынан тиімді диагностикалық әдістемені ғылыми тұрғыда негіздеу және сипаттау.

Зерттеудің ғылыми маңыздылығы бастауыш мектеп жасындағы балалардың қозғалыс қабілеттерін диагностикалаудың теориялық-әдіснамалық негіздерін нақтылаумен айқындалады. Ал зерттеудің практикалық маңыздылығы ұсынылған диагностикалық әдістемені мектептегі дене шынықтыру сабақтары үдерісінде қолдану мүмкіндігімен, сондай-ақ оны мұғалімдердің күнделікті педагогикалық тәжірибесіне енгізу әлеуетімен анықталады.

Зерттеудің ғылыми жаңалығы мектеп жағдайында 7-9 жастағы оқушылардың қозғалыс сапалары мен жарыс сипатындағы қозғалыс реакциясын бағалауға бағытталған екі кезенді кешенді диагностикалық әдістемені әзірлеу және оны тәжірибелік тұрғыда апробациялаумен сипатталады. Әдістеме құрылымында жалпы дене дайындығын анықтауға арналған стандартталған тесттер ұлттық ойындар негізіндегі қолданбалы қозғалыс тапсырмаларымен үйлестіріліп қолданылды. Мұндай тәсіл мектеп жағдайында диагностикалық үдерісті уақыт жағынан тиімді ұйымдастыруға және өлшеу рәсімдерінің бірізділігін қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

Материалдар мен әдістер. Зерттеу 7-9 жастағы бастауыш сынып оқушыларының спорттық қабілеттерін кешенді диагностикалау мақсатында жүргізілді. Жұмыс 2024-2025 оқу жылында Ақтау қаласы №17 орта мектеп пен №12 орта мектеп базасында, оқу үдерісінің қалыпты тәртібін бұзбай ұйымдастырылды. Зерттеуге 1-3 сыныптарда білім алатын 272 ұл бала қатысты. Зерттеудің екінші кезеңінде (ұлттық ойындар негізіндегі спорттық-қолданбалы диагностика) тексеру мектепшілік жарыстарға қатысуға жіберілген оқушылар арасынан қалыптастырылған ішкі іріктеме бойынша (n=90) жүргізілді. Қатысушыларды іріктеу жарыс регламентін сақтау, медициналық рұқсаттың болуы және қозғалыс жүктемелерін орындауға қарсы көрсетілімдердің болмауы сияқты алдын ала белгіленген талаптар негізінде жүзеге асырылды.

Қатысушылардың жеке деректерінің құпиялылығын сақтау мақсатында зерттеу барысында оқушыларға шартты кодтар берілді. Кодтау жүйесі сынып деңгейі мен реттек нөмерді қамтыды (мысалы, 1А-01, 2Ә-05, 3Б-12) және барлық нәтижелерді өңдеу мен ұсыну кезеңдерінде тек кодталған деректер пайдаланылды.

Зерттеу дизайны және кезеңдері: екі негізгі кезенді қамтиды.

I кезең – жалпы дене қабілеттерін диагностикалау. I-кестеде көрсетілген стандартталған тесттер кешені арқылы жүргізілді. Әр бір тесттің орындалу техникасы, өлшеу тәртібі (секундомер, өлшеу таспасы) және нәтижелерді тіркеудің бірыңғай талаптары қатаң сақталды.

Кесте 1. 7-9 жастағы бастауыш сынып оқушыларының жалпы дене қабілеттерін диагностикалау мазмұны (авторлар құрастырған).

Бағалау бағыты	Диагностикалау мақсаты	Қолданылған тесттер	Өлшеу бірлігі	Бағалау сипаттамасы
Жылдамдық	Қозғалыс әрекетін орын-дау шапшаңдығын анықтау	30 м қашықтыққа жүгіру	секунд (с)	Уақыт көрсеткіші бойынша
Қозғалыс үйлесімділігі	Бағыт ауыстыру кезеңдегі қимыл үйлесімділігін бағалау	3x10 м қайтармалы жүгіру	секунд (с)	Жылдамдық пен үйлесімділік кешені
Төзімділік	Ұзақ қозғалысты сақтай алу қабілетін анықтау	6 минуттық жүгіру	метр (м)	Жалпы жүріп өткен қашықтық
Жылдамдық-күш	Төменгі аяқ бұлшық еттерінің жарылғыш күшін	Бір орыннан ұзындыққа секіру	сантиметр (см)	Қашықтық көрсеткіші

	бағалау			
<i>Икемділік</i>	Омыртқа мен жанбас буындарының қозғалтқыштығын анықтау	Отырып алға еңкею	сантиметр (см)	Амплитуда көрсеткіші
<i>Күш</i>	Қол иық белдеуі бұлшық еттерінің күш деңгейін анықтау	Кермеде тарылу	рет саны	Қайталау саны бойынша

II кезең - спорттық бағыттағы қабілеттерді диагностикалау. Бұл кезеңде оқушылардың 2-кестеде көрсетілген нақты спорт бағыттарына бейімділігі сараланды.

Кесте 2. *Бастауыш сынып оқушыларының ұлттық ойыны бойынша қозғалыс қабілеттерін диагностикалау мазмұны (авторлар құрастырған).*

Спорттық бағыт	Диагностикалау мақсаты	Қолданылған қозғалыс тапсырмалары	Бағаланатын қабілеттер	Бағалау тәсілі
<i>Ұлттық ойындар</i>	Қолданбалы қозғалыс әрекеттерін бағалау	«Ботаны тарпап алу» «Қарсыласқа жанасу»	Ептілік, реакция, күш	Орындалу нәтижесі

Ұлттық спорт бағытында авторлық диагностикалық әдістемелер (№35524, №35525 куәліктер) – «Ботаны тартып алу» және «Қарсыласқа жанасу» ойын элементтері қолданылды. Бұл әдістер баланың кешенді қозғалыс реакциясын, күш пен ептілік шынайы бәсекелестік жағдайда бағалауға мүмкіндік берді.

Бағалау және деректерді өңдеу: Диагностикалық нәтижелер үш деңгей бойынша сараланды:

Жоғары деңгей – «дарындылық белгісі»;

Орташа деңгей – «қалыпты даму»;

Төмен деңгей – «жақын даму аймағы».

Алынған деректер статистикалық өңдеуден өткізіледі: сипаттамалық көрсеткіштер ($M+SD$), топаралық салыстыру ($ANOVA/Kruskal-Wallis$), әрі эффект-өлшемдер мен 95% CI есептеледі ($\alpha=0,05$).

Нәтижелер. Зерттеу барысында 7-9 жастағы оқушылардың жалпы дене дайындығы көрсеткіштерінің (жылдамдық, үйлесімділік, төзімділік, жылдамдық-күш, икемділік) жасқа байланысты өзгеріс динамикасы бағаланды. Қазіргі педагогикалық зертеулерде қозғалыс белсенділігі мен функционалдық сауаттылықтың өзара байланысы әмбебап құзіреттерді қалыптастырудың маңызды алғышарты ретінде қарастырылады. Осы тұрғыда ойын әрекеті балалардың когнитивтік, әлеуметтік-эмоциялық және өзін-өзі реттеу дағдылары көрініс табатын табиғи педагогикалық орта ретінде алынды.

Зерттеу нәтижелерін тіркеу барысында моторлық дамудың негізгі көрсеткіштерімен қатар қозғалыс әрекеттері кезінде байқалатын мінез-құлықтық және коммуникативтік көріністер де ескерілді. Қолданылған тесттер қозғалыс нәтижелері өнімдік көрсеткіштер арқылы (уақыт, қашықтық, қайталау саны) тіркеуге мүмкіндік берді; бұл мектеп жағдайында нәтижелерді жедел әрі бірізді жинауға қолайлы. Бұл деректер баланың қозғалыс тәжірибесі мен метадағдылардың қалыптасу деңгейі арасындағы өзара байланыстарды сипаттауға негіз болды.

Алынған деректер сыныптар (1-3) бойынша салыстырмалы талдаудан өткізілді, салыстыру білім алушылардың жас ерекшелігіне сәйкес дене сапаларының өзгеріс үрдістері анықтауға бағытталды. Алынған сандық және сапалық көрсеткіштер төменде ұсынылған кестелер мен диаграммалардан жүйеленіп берілді.

Зерттеу барысында Ақтау қаласы №17 орта мектеп пен №12 орта мектебінің 272 оқушысынан алынған көрсеткіштер статистикалық өңдеуден өткізілді.

Кесте 3. Зерттеуге қатысушылардың жалпы сипаттамасы (n=272).

Сыныптар	Оқушы саны	Орташа жасы	Зерттеу базасы
1-сынып	92	7.1 ± 0.5	№17 орта мектебі, №12 орта мектебі
2-сынып	88	8.2 ± 0.4	№17 орта мектебі, №12 орта мектебі
3-сынып	92	9.3 ± 0.6	№17 орта мектебі, №12 орта мектебі

Зерттеуге 7-9 жастағы 1-3 сыныптарда білім алатын 272 оқушы (1-сынып-92, 2-сынып- 88, 3-сынып-92) қатысты, олардың орташа жас көрсеткіштері сынып деңгейіне толық сәйкес келіп, іріктеменің жас тұрғысынан біртектілігін және алынған нәтижелердің салыстырмалы талдауын жүргізуге әдістемелік негіз қалады.

Кесте 4. Жылдамдық және үйлесімділік сапаларының орташа көрсеткіштері (M+SD).

Көрсеткіштер	1-сынып	2-сынып	3-сынып	р-мәні
30 м жүгіру (с)	7.65 ± 0.3	6.52 ± 0.4	5.88 ± 0.2	p<0.05
3x10 м қайтармалы (с)	10.74 ± 0.5	9.98 ± 0.4	9.15 ± 0.3	p<0.05

Жылдамдық көрсеткіштерін талдау барысында 30 метрге жүгіру уақытының 3-сыныпқа қарай 23,1%-ға жақсарғаны анықталды (p<0.05). Бұл нәтиже кіші мектеп жасындағы балалардың жүйке-бұлшықет аппаратының жоғары пластикалығын және қозғалыс шапшаңдығына жауап беретін орталықтардың белсенді дамуын көрсетеді.

Кесте 5. Жылдамдық-күш және бұлшықет күшінің даму динамикасы.

Көрсеткіштер	1-сынып	2-сынып	3-сынып	Өсім (%)
Ұзындыққа секіру (см.)	126.4 ± 10	138.2 ± 12	155.6 ± 11	23.1%
Кермеде тартылу (рет)	1.4 ± 0.6	2.8 ± 0.8	4.2 ± 1.0	100%

Жылдамдық-күш сапасының (ұзындыққа секіру) өсімі 23,1%-ды құрады. Өсіресе, кермеде тартылу көрсеткішінің 3-сыныпқа қарай 3 есе (100%) артуы назар аудартады. Бұл деректер бастауыш сынып кезеңі иық белдеуі мен аяқ бұлшықеттерінің күштік мүмкіндіктері дамыту үшін ең қолайлы (сенситивті) кезең екенін растайды.

Кесте 6. Төзімділік пен икемділік көрсеткіштерінің салыстырмалы талдауы.

Көрсеткіштер	1-сынып	2-сынып	3-сынып	р-мәні
6 минуттық жүгіру (м)	715,5	805,4	935,8	818,8
Отырып алға еңкею (см)	7,4	7,9	8,8	8,03

6 минуттық жүгіру нәтижелерінің 30,7%-ға ұлғаюы оқушылардың аэробтық төзімділігінің қарқынды дамып келе жатқанын көрсетеді. Икемділік көрсеткішінің өсімі басқа сапаларға қарағанда баяу (18,9%), бұл жас ұлғайған сайын буын қозғалғыштығының табиғи төмендеу үрдісін алдын алу үшін арнайы жаттығулардың қажеттілігін меңзейді.

Жалпы жене дайындығы көрсеткіштерімен қатар зерттеу барысында бастауыш сынып оқушыларының нақты спорттық бағыттарға бейімділігін анықтауға мүмкіндік беретін қолдан-

балы диагностикалық тапсырмалар қолданылды. Аталған тапсырмалар ұлттық ойындар негізінде ұйымдастырылып, балалардың ептілік, реакция жылдамдығы, күш және қарсы әрекетке бейімделу қабілеттерін жарыс жағдайына жақын ортада бағалауға бағытталды.

Кесте 7. «Ботаны тартып алу» ұлттық ойыны бойынша қозғалыс қабілеттерін диагностикалау нәтижелері (1-3 сынып, ұлдар).

Сынып	Қатысушылар саны (n)	Кодталған қатысушы диапазоны	1-кезеңге өткендер	2-кезеңге өткендер	Финалға шыққандар	Жеңімпаздар саны
1-сынып	28	K1-K28	14	7	3	3
2-сынып	32	K29-K60	16	8	4	4
3-сынып	30	K61-K90	15	8	4	4
Барлығы:	90	K1-K90	45	23	11	11

«Ботаны тартып алу» ұлттық ойыны бойынша алынған деректер 1-3 сынып оқушыларының қозғалыс қабілеттерінде жасқа байланысты айқын іріктеу үрдісін көрсетті. Қатысушылардың жалпы санының 50%-ы бірінші кезеңнен өтсе, финалдық кезеңге 12,2% оқушы ғана жетті, бұл ойын тапсырмаларының жоғары қозғалыс күрделілігін және іріктеуші диагностикалық әлеуетін дәлелдейді. Сынып деңгейі артқан сайын финалға шыққан оқушылар үлесінің ұлғаюы күш пен қимыл үйлесімділігінің жас ерекшеліктеріне сай дамуын көрсетеді.

Кесте 8. «Қарсыласқа жанасу» ұлттық ойыны бойынша қозғалыс қабілеттерін диагностикалау нәтижелері (1-3 сынып, ұлдар).

Сынып	Қатысушылар саны (n)	Кодталған қатысушы диапазоны	1-кезеңге өткендер	2-ензеңге өткендер	Финалға шыққандар	Жеңімпаздар саны
1-сынып	28	Q1-Q28	15	8	3	3
2-сынып	32	Q29-Q60	17	9	4	4
3-сынып	30	Q61-Q90	16	9	4	4
Барлығы:	90	Q1-Q90	48	23	11	11

Кесте 9. Спорттық дарындылық деңгейлерін саралау нәтижелері.

Деңгейлер	Сипаттамасы	Оқушы саны	Үлесі (%)
Жоғары	«Дарындылық белгісі»	60	22,1%
Орташа	«Қалыпты даму»	171	62,9%
Төмен	«Жақын даму аймағы»	41	15,0%

«Қарсыласқа жанасу» ойыны бойынша алынған нәтижелер 1-3 сынып оқушыларының реакция жылдамдығы мен қимыл үйлесімділігінің кезең-кезеңмен сараланатынын көрсетті. Қатысушылардың 53,3%-ы бірінші кезеңнен өткен болса, финалға тек 12,2% оқушының жетуі ойын тапсырмаларының жоғары динамикалық және іріктеуші сипатқа ие екенін дәлелдейді. Демек, жас ұлғайған сайын екінші кезең мен финалға шыққан оқушылар үлесінің артуы біртіндеп қалыптасатынын көрсетеді.

Оқушыларды деңгей бойынша бөлу нәтижесінде 22,1% баланың «жоғары» дайындық көрсеткені анықталған. Бұл топтағы балалар спорттық дарындылық нышандарына ие және оларды арнайы спорт секцияларына бағыттау тиімді болып табылады. Ал «төмен» деңгейдегі 15% оқушылар үшін сауықтыру бағытындағы жеке жаттығулар тәртібі ұсынылады.

Жүргізілген диагностикалық зерттеу нәтижелері жинақтай келе, 7-9 жастағы бастауыш сынып оқушыларының дене қабілеттері жас ерекшеліктеріне сәйкес біртіндеп және тұрақты оң динамикамен дамитыны анықталды. Зерттелген барлық негізгі көрсеткіштер бойынша (жылдамдық, үйлесімділік, төзімділік, жылдамдық-күш, икемділік және бұлшықет күші) 1-сыныптан 3-сыныпқа дейін статистикалық тұрғыдан мәнді өсім байқалды ($p < 0.05$).

Сонымен қатар, алынған деректер негізінде оқушылардың дене қуаты дайындық деңгейлері сараланып, олардың басым бөлігі «жоғары» және «орташа» деңгейлерге жатқызылды. Бұл бастауыш мектеп жасында дене шынықтыру сабақтары жағдайында кешенді диагностикалауда балалардың спорттық қабілеттерін бастапқы бағалау және бағыттау үшін жеткілікті ақпарат беретінін айқындайды.

Зерттеу нәтижелері қолданылған диагностикалық құралдардың өлшеу нақтылығын және оларды оқу үрдісінде пайдаланудың орындылығын растайды. Эмпирикалық деректер келесі бөлімде ұсынылатын талқылау үшін бастапқы ғылыми негіз ретінде қызмет етеді.

Талқылау. Эксперименттік топтары арасындағы анықталған айырмашылықтар қозғалыс белсенділігінің ойын формасында ұйымдастырылуы әмбебап құзыреттерді дамытудың маңызды медиаторы болып табылатыны айқындайды.

Алынған нәтижелер салыстырмалы талдау оларды мәдени-тарихи даму теориясы аясында қарастыруға мүмкіндік береді. Л.С. Выготскийдің тұжырымдамасына сәйкес, ойын әрекеті баланың жақын даму аймағын іске қосып, сыртқы әлеуметтік ережелердің тұлғаның ішкі өзін-өзі реттеу механизмдеріне трансформациялануына жағдай жасайды [18]. Осы зерттеуде алынған деректер бұл қағиданы нақтылай отырып, мақсатты түрде ұйымдастырылған ойын ықпалы жағдайында балаларда өзін-өзі реттеу, ынтымақтастық және эмоциялық тұрақтылық дағдыларының қарқынды қалыптасатынын көрсетеді.

Зерттеу нәтижелері Д.Б. Элькониннің жетекші іс-әрекет теориясымен де өзара үйлеседі, Автордың пікірінше, бастауыш мектеп жасында ойын психикалық дамудың негізгі қорғаушы факторы болып табылады [19]. Эксперименттік топтағы оң өзгерістер ұлттық ойындардың нақты ережелерге, өзара әрекеттесуге және элементтеріне негізделуі балаларда мінез-құлықтың еріктілігін, әлеуметтік жауапкершілікті және өз әрекеттерін саналы реттеуді дамытуға қолайлы жағдай жасайтынын көрсетеді.

Қазіргі білім беру тұжырымдамалары тұрғысынан алынған нәтижелер М. Фуллан және әріптестері «Deep Learning» концепциясымен сәйкес келді. Бұл модельде ХХІ ғасырдың негізгі құзіреттері – сыни ойлау, коммуникация және ынтымақтастық – іс-әрекетке негізделген оқыту арқылы тиімді қалыптасатыны атап көрсетілді [20]. Зерттеу барысында анықталған топтар арасындағы айырмашылықтар ұлттық ойындарды дене қуаты және когнитивтік дамуды кіріктіретін жоғары тиімді педагогикалық құрал ретінде қарастыруға негіз берді.

Сонымен қатар алынған деректер фундаменталды қозғалыс дарындылығының (Fundamental Movement Skills) баланың атқарушылық және танымдық функцияларымен өзара тығыз байланыста дамитынын көрсетеді. Бұл тұжырым Kong және әріптестерінің зерттеу нәтижелерімен сәйкес келеді, онда локомоторлық қозғалыстар мен затты басқару дағдыларының даму деңгейі балалардың атқарушылық функцияларының (executive functions) қалыптасуымен статистикалық тұрғыдан мәнді байланыста екені дәлелденген [21].

Қозғалыс қабілеттерін бағалауда кеңінен қолданылатын TGMD-3 әдістемесінің диагностикалық мүмкіндіктері мен шектеулері де ескерілді. D. Ulrich әзірлеген бұл тест балалардың локомоторлық қозғалыстары мен затты басқару дағдыларының орындалу сапасын бағалауда жоғары валидтілікке ие процесс-бағдарлы құрал ретінде сипатталады [22]. Алайда соңғы әдіснамалық зерттеулерде TGMD-3 тестінің статикалық тепе-теңдік пен қозғалыс тұрақтылығын толық қамтымайтыны атап өтіледі. Атап айтқанда, Nagy және әріптестері еңбектерінде бұл

әдістеменің кейбір моторлық компоненттерді бағалауда шектеулі екені көрсетіліп, оны қосымша диагностикалық тәсілдермен толықтыру қажеттігі негізделген [23]. Осы тұрғыда қазақтың ұлттық ойындарындағы дәл көздеу, тепе-теңдікті сақтау және қозғалысты бақылау элементтері TGMD-3 арқылы алынатын деректерді функционалдық және мәдени тұрғыдан толықтыратын тиімді педагогикалық құрал ретінде қарастырылады.

Зерттеу нәтижелері қазақтың ұлттық ойындарын классикалық психологиялық-педагогикалық теориялар мен қазіргі жаһандық білім беру үрдістеріне сәйкес келетін мәдени тұрғыдан бейімделген педагогикалық технология ретінде қарастыруға ғылыми негіз қалайды. Алынған эмпирикалық деректер келесі бөлімде дене дамуы мен метадағдылардың қалыптасу механизмдерін этнопедагогикалық тұрғыдан терең талдауға мүмкіндік береді.

Қазақтың ұлттық ойындары бастауыш мектеп жасындағы балалардың қимыл-қозғалыс әрекеттерін ғана емес, сонымен қатар олардың тұлғалық қасиеттерін дамытуға ықпал ететін педагогикалық тұрғыдан негізделген құрал ретінде қарастыру ғылыми тұрғыдан негізді. Ақтау қаласы жағдайында жүргізілген зерттеу нәтижелері ұлттық ойын элементтерін жүйелі қолдану балалардың қозғалыс үйлесімділігін, күш мүмкіндіктерін, қимыл шапшаңдығын және реакция жылдамдығын жетілдіруге оң әсер ететінін көрсетті. Сонымен қатар, бірлескен ойын әрекеттері барысында әлеуметтік өзара ықпалдасу мен коммуникативтік дағдылардың қалыптасуы байқалды.

Ұлттық ойындарды білім беру практикасына одан әрі енгізудің перспективалары дәстүрлі ойын мазмұнына негізделген дамытушы пәндік-кеңістіктік ортаны ұйымдастырумен, сондай-ақ қозғалыс және метапәндік дағдылардың даму деңгейін білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау жүйесімен өзара байланыстырумен айқындалады. Бұл бағытта білім беру ұйымы мен отбасының өзара әрекеттестігі ерекше мәнге ие, өйткені ұлттық ойындар мәдени тәжірибені ұрпақтан ұрпаққа жеткізудің және бірлескен іс-әрекет арқылы тәрбиелік ықпал етудің тиімді құралы ретінде сипатталады.

Осылайша, қазақ халқының ұлттық ойын мұрасы қазіргі білім беру талаптары тұрғысынан дене тәрбиесі жүйесін жетілдіруге бағытталған маңызды педагогикалық ресурс ретінде бағаланады. Оны оқу-тәрбие үдерісінде мақсатты әрі әдістемелік тұрғыдан негізделген түрде қолдану балалардың қозғалыс және тұлғалық дамуын қамтамасыз етудің ғылыми және практикалық әлеуетін кеңейтеді.

Қорытынды. Жүргізілген зерттеу нәтижелері мен оларды талқылау барысында алынған тұжырымдар бастауыш мектеп жасындағы балалардың қозғалыс белсенділігі мен метадағдыларының дамуы арасындағы өзара байланыс кешенді әрі жүйелі сипатқа ие екенін көрсетті. Атап айтқанда, 7-9 жаста қазақтың ұлттық ойындарын («Ботаны тартып алу», «Қарсыласқа жанасу») мақсатты және технологиялық тұрғыдан ұйымдастыра қолдану балалардың қозғалыс (моторлық) дамуымен қатар сыни ойлау, коммуникация, ынтымақтастық және эмоциялық өзін-өзі реттеу дағдыларының статистикалық тұрғыдан мәнді өсуіне ықпал ететіні эксперименттік жолмен дәлелденді.

Бұл нәтижелер мәдени-тарихи даму теориясы аясында ойын әрекетінің баланың жақын даму аймағын іске қосатын жетекші педагогикалық механизм ретіндегі рөлін нақтылай түседі және ұлттық ойындардың қазіргі жаһандық білім беру талаптарына толық сәйкес келетін тиімді әдістемелік құрал екенін көрсетеді. Зерттеу барысында анықталған метадағдылардың оң динамикасы ұлттық ойындардың дене қозғалысына негізделген әрекетті когнитивтік және әлеуметтік даму ресурсына айналдыратын бірегей әлеуетін айқындайды.

Осыған байланысты қазақтың ұлттық ойындарын бастауыш білім беру жүйесінде эпизодтық немесе қосалқы элемент ретінде емес, метадағдыларды қалыптастыруға бағытталған базалық педагогикалық технология ретінде қарастыру орынды. Ұлттық ойындарды мемлекеттік білім беру стандарттарының мазмұнына жүйелі түрде енгізу, педагогтарға арналған нақты әдістемелік нұсқаулықтар әзірлеу, сондай-ақ бастауыш сыныптарда арнайы ұйымдастырылған «ұлттық

ойындар ортасын» құру балалардың функционалдық сауаттылығын дамытуға бағытталған стратегиялық қадам болып табылады.

Зерттеу нәтижелері мектеп пен отбасының өзара серіктестігін күшейтудің маңызын айқындайды, өйткені ұлттық ойындар балалардың метадағдыларын тек білім беру ұйымында ғана емес, отбасылық ортада да нығайтуға мүмкіндік береді.

Қорыта айтқанда, қазақтың ұлттық ойындарын білім беру үрдісіне жүйелі енгізу педагогикалық инновация ғана емес, мәдени сабақтастықты сақтай отырып, жаһандық сын-кәтерлерге бейімделе алатын, функционалдық тұрғыдан сауатты және бәсекеге қабілетті ұрпақ тәрбиелеудің ғылыми негізделген ұлттық императиві болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі. Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты: ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы (өзгерістерімен). – Астана, 2022. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029031>. (қаралған күні: 07.01.2026).

2. Қазақстан Республикасының Оқу-ағарту министрлігі. 1–4 сыныптарға арналған «Дене шынықтыру» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасы. – Астана, 2022. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2200029767>. (қаралған күні: 10.01.2026).

3. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі. Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларын бекіту туралы: 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрық (өзгерістерімен). – Астана, 2008. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1700014982>. (қаралған күні: 11.02.2026).

4. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі. Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар: ҚР ДСМ-нің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығы (өзгерістерімен). – Астана, 2021. – URL: <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V2100023890>. (қаралған күні: 15.02.2026).

5. Novotná T., Ružbarská I., Leūtterová D.F., Kress J. Motor competence in primary school children: A comparative study of two assessment methods // *Journal of Physical Education and Sport*. – 2025. – Vol. 25, № 7. – P. 1423 - 1429. DOI: <https://doi.org/10.7752/jpes.2025.07158>

6. Makaruk H., Porter J. M., Starzak M., Sadowski J., Czaplicki A. The fundamental motor skill proficiency among Polish primary school-aged children: A nationally representative surveillance study // *Journal of Science and Medicine in Sport*. – 2024. – Vol. 27, № 4. – P. 243-249. DOI: <https://doi.org/10.1016/j.jsams.2023.12.007>

7. Miguel Lorenzo- Martínez, Cristian Abelairas-Gómez, Aida Carballo- Fazanes, Ezequiel Rey. Prevalence of fundamental movement skill mastery in school-aged children and adolescents: A systematic review // *BMJ Open Sport & Exercise Medicine*. – 2025. – Vol. 11, № 4. – Article e002439. DOI: <https://doi.org/10.1136/bmjsem-2024-002439>

8. Wälti M., Sallen J., Adamakis M., Ennigkeit F., Gerlach E., Heim C. et al. Basic motor competencies of 6- to 8-year-old primary school children in 10 European countries: A cross-sectional study on associations with age, sex, body mass index, and physical activity // *Frontiers in Psychology*. 2022. Vol. 13. Article 804753. DOI: <https://doi.org/10.3389/fpsyg.2022.804753>

9. Duncan M. J., Martins C., Bandeira P. F. R., Issartel J., Peers C., Belton S., O'Connor N. E., Behan S. TGMD-3 short version: Evidence of validity and associations with sex in Irish children // *Journal of Sports Sciences*. – 2022. – Vol. 40, № 2. – P. 138–145. DOI: <https://doi.org/10.1080/02640414.2021.1978161>

10. Carballo-Fazanes A., Rey E., Valentini N.C., Varela-Casal C., Abelairas-Gómez C. Interrater reliability of the Test of Gross Motor Development—Third Edition following raters' agreement on measurement criteria // *Journal of Motor Learning and Development*. – 2023. – Vol. 11, № 2. – P. 225–244. DOI: <https://doi.org/10.1123/jmld.2022-0068>

11. Zhu Y., Wang J., Ding Y., Qian Y., Korivi M., Chen Q., Ye W. Assessing the measurement properties of the Test of Gross Motor Development-3 using the COSMIN methodology: a systematic review // *Behavioral Sciences*. – 2025. – Vol. 15, № 1. – Article 62. DOI: <https://doi.org/10.3390/bs15010062>
12. Biino V., Giustino V., Guidetti L., Lanza M., Gallotta M. C., Baldari C., Battaglia G., Palma A., Bellafigliore M., Giuriato M., Schena F. Körperkoordinationstest für Kinder: A short form is not fully satisfactory // *Frontiers in Education*. – 2022. – Vol. 7. – Article 914445. DOI: <https://doi.org/10.3389/feduc.2022.914445>
13. Li K., Bao R., Kim H., Ma J., Song C., Chen S., Cai Y. Reliability and validity of the Körperkoordinationstest Für Kinder in Chinese children // *PeerJ*. – 2023. – Vol. 11. – Article e15447. DOI: <https://doi.org/10.7717/peerj.15447>
14. Омарбекова Ф. Қ., Қияқбаева Ұ. Қ., Ортаев Б. Т., Алимбекова С. Ш. Қазақтың ұлттық ойындары арқылы балалардың қимыл-қозғалыс дағдыларын дамыту // *Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі*. – 2025. – № 4(82). – Б. 38–48. DOI: https://doi.org/10.48114/2306-5540_2025_4_38
15. Шенетюк М. Н., Телемгенова А. М. Физическое состояние обучающихся и педагогические условия его оценки // *Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі*. – 2022. – № 4(70). – Б. 55–63.
16. Жияшева Ж. Ш., Жораева С. Б., Медетбекова Н. Н., Балхыбекова Ы., Ермекбаев М. А. Дене шынықтыру сабақтарында бастауыш сынып оқушыларына ұлттық ойындар арқылы жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру // *Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі*. – 2023. – № 2(72). – Б. 91–97.
17. Есиркепов Ж. М., Уанбаев Е. Қ., Омаров Б. С., Құрманбаев Б. И., Шегенбаев Н. Б. Мектептегі «Дене тәрбиесі» оқулықтары мен жаңартылған оқу бағдарламаларын жетілдіру мүмкіндіктері // *Дене тәрбиесінің теориясы мен әдістемесі*. – 2025. – № 1(79). – Б. 14–23. DOI: https://doi.org/10.48114/2306-5540_2025_1_14
18. Выготский Л. С. Психология развития человека. – М.: Смысл; Эксмо, 1991. – 1136 с.
19. Эльконин Д. Б. Детская психология: учеб. пособие для студ. высш. учеб. заведений / под ред. Б. Д. Эльконина. – 4-е изд., стер. – М.: Академия, 2007. – 384 с.
20. Fullan M., Quinn J., McEachen J. Deep learning: Engage the world, change the world. – Thousand Oaks, CA: Corwin Press, 2018. – 144 p.
21. Kong C., Cai Y., Li K., Wang Z., Wen X., Zhang X. The relationship between fundamental motor skills and executive function in children // *Frontiers in Psychology*. – 2025. – Vol. 16. – Article 1669915. DOI: <https://doi.org/10.3389/fpsyg.2025.1669915>
22. Ulrich D. A. Test of Gross Motor Development. Third edition (TGMD-3). – Austin: PRO-ED, 2019.
23. Nagy Á. V., Wilhelm M., Domokos M., Györi F., Berki T. Assessment tools measuring fundamental movement skills of primary school children: A narrative review // *Sports*. – 2023. – Vol. 11, № 9. – Article 178. DOI: <https://doi.org/10.3390/sports11090178>

References:

1. Qazaqstan Respublikasynyń Oqy-aǵartý ministrliǵi. Bastayysh bilim berýdiń memlekettik jalpyǵa mindetti standarty: QR Oqy-aǵartý ministriniń 2022 jylǵy 3 tamyzdaǵy № 348 buiryǵy (ózgeristerimen). – Astana, 2022.
2. Qazaqstan Respublikasynyń Oqy-aǵartý ministrliǵi. 1-4 synyptarǵa arnalǵan "Dene shynyqtyryń" pániniń úlgilik oqy baǵdarlamasy. – Astana, 2022.
3. Qazaqstan Respublikasynyń Bilim jáne ǵylym ministrliǵi. Bilim alyshylardyń úlgerimine aǵymdyq baǵylaı, aralyq jáne qorytyndy atestattay ótkizýdiń úlgilik qaǵıdalaryn bekity túraly: 2008 jylǵy 18 naıryzdaǵy № 125 buiryq (ózgeristerimen). – Astana, 2008.

4. Qazaqstan Respyblikasynyń Densaýlyq saqtay ministrliǵı. Bilim berý obektlerine qoylatyn sanıtarıalyq-epidemiologıalyq talaptar: QR DSM-niń 2021 jylǵy 5 tamyzdaǵy № QR DSM-76 buıryǵy (ózgeristerimen). – Astana, 2021.

5. Novotná T., Ružbarská I., Leūtterová D.F, Kress J. Motor competence in primary school children: A comparative study of two assessment methods // *Journal of Physical Education and Sport*. – 2025. – Vol. 25, № 7. – P. 1423 - 1429.

6. Makaruk H., Porter J. M., Starzak M., Sadowski J., Czaplicki A. The fundamental motor skill proficiency among Polish primary school-aged children: A nationally representative surveillance study // *Journal of Science and Medicine in Sport*. – 2024. – Vol. 27, № 4. – P. 243-249. Miguel Lorenzo-Martínez, Cristian Abelairas-Gómez, Aida Carballo-Fazanes, Ezequiel Rey. Prevalence of fundamental movement skill mastery in school-aged children and adolescents: A systematic review // *BMJ Open Sport & Exercise Medicine*. – 2025. – Vol. 11, № 4. – Article e002439.

7. Wälti M., Sallen J., Adamakis M., Ennigkeit F., Gerlach E., Heim C. et al. Basic motor competencies of 6- to 8-year-old primary school children in 10 European countries: A cross-sectional study on associations with age, sex, body mass index, and physical activity // *Frontiers in Psychology*. 2022. Vol. 13. Article 804753.

8. Duncan M. J., Martins C., Bandeira P. F. R., Issartel J., Peers C., Belton S., O'Connor N. E., Behan S. TGMD-3 short version: Evidence of validity and associations with sex in Irish children // *Journal of Sports Sciences*. – 2022. – Vol. 40, № 2. – P. 138–145. Carballo-Fazanes A., Rey E., Valentini N.C., Varela-Casal C., Abelairas-Gómez C. Interrater reliability of the Test of Gross Motor Development—Third Edition following raters' agreement on measurement criteria // *Journal of Motor Learning and Development*. – 2023. – Vol. 11, № 2. – P. 225–244.

9. Zhu Y., Wang J., Ding Y., Qian Y., Korivi M., Chen Q., Ye W. Assessing the measurement properties of the Test of Gross Motor Development-3 using the COSMIN methodology: a systematic review // *Behavioral Sciences*. – 2025. – Vol. 15, № 1. – Article 62.

10. Biino V., Giustino V., Guidetti L., Lanza M., Gallotta M. C., Baldari C., Battaglia G., Palma A., Bellafiore M., Giuriato M., Schena F. Körperkoordinationstest für Kinder: A short form is not fully satisfactory // *Frontiers in Education*. – 2022. – Vol. 7. – Article 914445. Li K., Bao R., Kim H., Ma J., Song C., Chen S., Cai Y. Reliability and validity of the Körperkoordinationstest Für Kinder in Chinese children // *PeerJ*. – 2023. – Vol. 11. – Article e15447.

11. Omarbekova F.Q., Qiaqbaeva U. Q., Ortaev B.T., Alimbekova S. Sh. Qazaqstıń ulttyq oilary arqaly balalardyń qımyl-qozǵalys dagdıylaryń damytý // *Dene tárıptiń teoriasy men ádildigi*. – 2025. – № 4(82). – B. 38-48. Shepetuk m. N., Telemgenova A. M. bilim alýshylardyń fizikalıy jaǵday jáne ony baǵalayıdyń pedagogikalıy sharttary // *deneniń tárıbesiniń teoriasy men ádildigi*. – 2022. – № 4(70). – B. 55-63.

12. Jiasheva J. Sh., Joraeva S. B., Medetbekova N. N., Balqybekova Y., Ermekbaev M.A. deneni shynyqtıry sabaqtarynda bastayıshy uly oqýshylary ulttyq oıynder arqaly jalpyadamzattyq qundylyqtary qalyptastyry // *Dene tárıbesiniń teoriasy men ádildigi*. – 2023. – № 2(72). – B. 91-97.

13. Esirkepov J.M., Yanbaev E. Q., Omarov B. S., Qurmanbaev B., Shegenbaev N. B. Mekteptegi "Dene tárıbesi" oqylary men jańarǵan oqý baǵdarlamalary jetildigin qamtamasyz etý // *Dene tárıbesiniń teoriasy men ádildigi*. – 2025. – № 1(79). – B. 14-23.

14. Vygotskiı I. adamnyń damý psihologiasy. - M.: Maǵynasy; Eksmo, 1991. – 1136 B.

15. Elkonin d. B. balalar psihologiasy: oqý. stýdentterge arnalǵan nusqaýlyq. joǵary. oqý. mekemeler / red. B. D. Elkonina. - 4-shi basylım., óshirińiz. - M.: Akademia, 2007. – 384 b.

16. Fullan M., Quinn J., McEachen J. Deep learning: Engage the world, change the world. – Thousand Oaks, CA: Corwin Press, 2018. – 144 p.

17. Kong C., Cai Y., Li K., Wang Z., Wen X., Zhang X. The relationship between fundamental motor skills and executive function in children // *Frontiers in Psychology*. – 2025. – Vol. 16. – Article 1669915.

18. Ulrich D. A. Test of Gross Motor Development. Third edition (TGMD-3). – Austin: PRO-ED, 2019.

19. Nagy Á. V., Wilhelm M., Domokos M., Győri F., Berki T. *Assessment tools measuring fundamental movement skills of primary school children: A narrative review // Sports.* – 2023. – Vol. 11, № 9. – Article 178.
20. Fullan M., Quinn J., McEachen J. *Deep learning: Engage the world, change the world.* – Thousand Oaks, CA: Corwin Press, 2018. – 144 p.
21. Kong C., Cai Y., Li K., Wang Z., Wen X., Zhang X. *The relationship between fundamental motor skills and executive function in children // Frontiers in Psychology.* – 2025. – Vol. 16. – Article 1669915. DOI: <https://doi.org/10.3389/fpsyg.2025.1669915>
22. Ulrich D. A. *Test of Gross Motor Development. Third edition (TGMD-3).* – Austin: PRO-ED, 2019.
23. Nagy Á. V., Wilhelm M., Domokos M., Győri F., Berki T. *Assessment tools measuring fundamental movement skills of primary school children: A narrative review // Sports.* – 2023. – Vol. 11, № 9. – Article 178. DOI: <https://doi.org/10.3390/sports11090178>